

**Мадиева Динара Башерқызының «6D021300 – Лингвистика» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақстанның лингвистикалық ландшафты: эвентонимдердің
социолингвистикалық талдауы» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысының
АНДАТПАСЫ**

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі жаһанданған және постмодерндік қоғам жағдайында біз гетерогенділік, фрагментарлылық, мультимодальдылық және гибридтілік сипаттарына ие күрделі социолингвистикалық болмыспен бетпе-бет келіп отырмыз. Мұндай жаңа социолингвистикалық ақиқат, яғни тілдердің қызмет ету шарттарының өзгерісі, зерттеушілерді дәстүрлі әдіснамалық құралдарды қайта қарастыруға және тіл мен қоғамды зерделеудің балама тәсілдерін іздеуге итермелейді. Осындай заманауи зерттеу әдістерінің бірі – лингвистикалық ландшафт (ЛЛ) концепциясы болып табылады. Бұл тәсіл тілдік-коммуникативтік үлгілерді талдаудың және сипаттаудың жаңа мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, тілдердің күнделікті өмірдегі қызмет етуін, тілдік тәжірибе мен идеологияны, тілдік саясат пен визуалды кеңістікті басқару тетіктерін, көптілділік пен тілдік қатынастарды терең түсінуге жол ашады.

Лингвистикалық ландшафт әдісі әлеуметтік-мәдени теория аясында дамыған. Бұл теория тілді өзіндік ішкі заңдылықтарымен ұйымдасқан таңбалар жүйесі ғана емес, әлеуметтік практика ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Осы көзқарас тұрғысынан, лингвистикалық таңбалардың ақпараттық және символдық функцияларын анықтау – әлеуметтік шындықты неғұрлым нақты сипаттауға, атап айтқанда, тіл мен билік арасындағы қатынастарды және олардың дискурсивтік құрылу тәсілдерін талдауға жағдай жасайды. Лингвистикалық ландшафтты зерттеулер материалдық-мәдени үдерістердің маңыздылығын айқындай отырып, атау беру практикасы (naming practices) мен таңбалық материалдарды талдау арқылы материалдық және дискурсивтік деңгейлерді ұштастыра зерделеудің әлеуетін көрсетеді.

Лингвистикалық ландшафтты (ЛЛ) зерттеудің классикалық еңбектері (Landry & Bourhis, 1997; Backhaus, 2007) әдетте жазбалардың қолданысын белгілі бір уақыт бөлігіндегі (синхронды) күйі арқылы талдауға бағытталған. Алайда бірқатар зерттеушілер (мысалы, Pavlenko & Mullen, 2015) мұндай тәсілді шектелген деп санап, әлеуметтік ономастикалық үдерістердің мәнін ұғыну үшін оларды уақыт бойынша дамуында зерделеу қажет екенін алға тартады.

Диссертациялық жұмыста мәдени, спорттық және саяси сипаттағы қоғамдық іс-шаралардың атауларына – эвентонимдерге қатысты тілдік таңдаудағы өзгерістер жан-жақты талданады. Бұл атаулар баспасөз материалдарында, ресми хабарландыруларда, қалалық билбордтарда, афишаларда және интернет-ресурстарда тіркелген. Эвентонимдерге деген ғылыми қызығушылық екі маңызды себепке негізделеді. Біріншіден, эвентонимдер – бұл ерекше категориядағы жалқы есімдер болып табылады, олардың талдауы жергілікті атау беру практикасын сипаттауға және олардың

әлеуметтік маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, көптеген басқа лингвистикалық ландшафт элементтерімен салыстырғанда (мысалы, дүкен атаулары немесе тіркеме хабарландырулар сияқты тез жойылып кететін белгілер), эвентонимдер баспа және цифрлық медиада жүйелі түрде құжатталады. Бұл атау беру практикасының уақыт ішіндегі өзгерістерін бақылауға және тілдік өзгерістерді субъективті социолингвистикалық сауалнамалар немесе сұхбаттар емес, нақты материалдық деректер негізінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің эмпириялық материалын түрлі мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шаралардың жалқы атаулары құрайды. Бұл атаулардың жиілігі мен әртүрлілігі тілдік үдерістердің динамикасын бақылауға, сондай-ақ қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік мәдени өзгерістерді сипаттауға мүмкіндік береді. Эвентонимдер функционалдық тұрғыдан жіктеледі: мәдени іс-шаралар (мысалы, фестивальдар, конкурстар, концерттер, кештер), спорттық шаралар (мысалы, жарыстар, марафондар, турнирлер), сондай-ақ бұқаралық акциялар (мысалы, халықтық серуендер, демонстрациялар).

Зерттеудің өзектілігі бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден, қазіргі Қазақстандағы лингвистикалық ландшафтты зерттеу әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Бұл ретте көптеген социолингвистер (мысалы, А. Pavlenko, О. Bever және т.б.) посткеңестік кеңістіктегі лингвистикалық ландшафтты зерттеудің өзектілігі мен жаңа эмпириялық материалдарды жинаудың маңыздылығын атап өтеді. Себебі бұл елдерде ерекше, үнемі өзгеріп отыратын социолингвистикалық жағдай байқалады: мемлекеттік және орыс тілдерінің, ұлттық тілдердің, сондай-ақ жаһандану тілі ретіндегі ағылшын тілінің қызмет ету жағдайының өзгеруі, тілдік саясат пен идеологияның трансформациясы.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің өзектілігі қазіргі постмодерн дәуірінде орын алып жатқан әлеуметтік және тілдік өзгерістерді неғұрлым нақты сипаттай алатын жаңа зерттеу әдістерін іздестіру қажеттілігімен де айқындалады.

Бұған қоса, қоғамдық іс-шаралардың атаулары қазіргі қазақ және шетелдік лингвистикада арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған, сол себепті де олар жан-жақты сипатталып, ғылыми талдауға ұшырамаған.

Зерттеу нысаны – Қазақстан мегаполисінің көптілді кеңістігіндегі лингвистикалық ландшафт.

Зерттеу пәні – Қазақстанның лингвистикалық ландшафтында қызмет ететін эвентонимдер (қалалық іс-шаралардың атаулары).

Зерттеу мақсаты – Қазақстанның лингвистикалық ландшафты аясындағы социолингвистикалық өзгерістерді эвентонимдердің уақыттық даму динамикасы (1989-2020 жж.) мен қазіргі кезеңдегі тілдік көрінісі (2021-2024 жж.) негізінде кешенді түрде талдау және сипаттау.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- лингвистикалық ландшафт ұғымының мазмұнын анықтап, нақтылау;
- ЛЛ зерттелуінің тарихы мен әдіснамалық тәсілдерін зерделеу;
- ЛЛ-ты қоғамдық кеңістік пен тілдік/мәдени сәйкестікті символдық тұрғыдан құрастыру тетігі ретінде қарастыру;

- көптілді мегаполисте қолданылатын эвентонимдердің құрылымдық ерекшеліктері мен белгілерін талдау;
- эвентонимдерге социоллингвистикалық талдау жүргізу және қазіргі қазақстандық мегаполистің лингвистикалық ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын факторларды айқындау.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ономастика саласындағы іргелі еңбектерге (Т. Жанұзақов, Е.А. Керимбаев, Г.Б. Мадиева, К.К. Рысберген, Э. Хоффманн, В.И. Супрун, М.В. Голомидова, А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, В.Д. Бондалетов, В.Г. Гак, П.Н. Донец, И.В. Крюкова, Д.М. Пашан және т.б.), лингвистикалық ландшафт бойынша зерттеулерге (E. Ben-Rafael, P. Backhaus, J. Blommaert, T. Huebner, J. Cenoz және D. Gorter, А. Павленко, Е. Shohamy, Ш. Жарқынбекова, А. Ақжігітова, А. Күлбаева, М. Түсіпбекова және т.б.), социоллингвистика теорияларына (В. Spolsky, Р.Л. Купер, С. Гал, Я. Ирвин, П. Кроскрити, Э.Д. Сүлейменова, Ж.С. Смағұлова, Р. Матушкевич, К. Вулард және т.б.), сондай-ақ конструктивизм теориясына (Ж. Пиаже, Дж. Келли, М. Вебер, П. Бергер, Т. Лукман, У. Джеймс, У. Томас, Дж. Мид, А. Шюц, Дж. Серль, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, В.П. Зинченко, Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов және т.б.) сүйенеді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен тәсілдер сапалық және сандық талдау әдістерін қамтиды.

Сапалық әдістердің қатарында контент-талдау әдісі қолданылды. Ол баспасөз, ресми есептер мен интернет-афишаларда тіркелген тілдік материал (эвентонимдер) негізінде жүзеге асырылды. Бұл әдіс атау беру үдерісіндегі тақырыптық, лексикалық және графикалық ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік берді.

Сандық әдістерге социоллингвистикалық сауалнама, деректерді статистикалық өңдеу тәсілдері – кросс-табуляция, көпноминалды логистикалық регрессия және SPSS бағдарламасындағы сандық талдау әдістері жатады. Бұл тәсілдер эвентонимдердегі тілдік таңдау мен әлеуметтік-демографиялық факторлар арасындағы байланысты анықтауға және статистикалық тұрғыдан мәнді үрдістерді белгілеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы, ең алдымен, Қазақстандағы қалалық лингвистикалық ландшафтты зерттеу ономастикалық материалдық артефактілер арқылы социоллингвистикалық үдерістердің динамикасын зерделеуге және қоғамдық кеңістікте тілдердің нақты қолданылуындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік беретінімен айқындалады.

Сонымен қатар лингвистикалық ландшафт әдісі посткеңестік көптілді кеңістікте тіл, тұлғалық сәйкестілік және билік арасындағы өзара әрекеттестікке қатысты құнды деректерді ұсынады. Бұл кеңістік елдің тарихи дамуы мен тілдік саясаты, ұлттық құрылым мен посткеңестік мұраның өзара ықпалы, жаһандану және нарықтық күштердің арақатынасы нәтижесінде қалыптасқан. Эвентонимдерді талдау мемлекеттік тілді ілгерілету саясаты мен қазақ тілінің функционалдық кеңістігін кеңейту, орыс тілін сақтау және ағылшын тілінің символдық қатысуы сияқты жергілікті тәжірибелер арасындағы өзара әрекеттестікті қадағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелері мен материалдарын жалпы тіл білімі, социолингвистика, лексикология, сөзжасам бойынша теориялық және дәрістік курстарды, сондай-ақ ономастика, мәдениетаралық коммуникация, елтану және басқа да пәндер бойынша арнайы курстарды әзірлеу барысында оқу үдерісінде пайдалануға болатынымен сипатталады.

Сонымен қатар бұл зерттеудің қорытындылары көптілділік жағдайында қалалық орта кеңістігін тілдік безендіру мен визуалды жоспарлау кезінде тілдік саясатты қалыптастырумен айналысатын қалалық және муниципалдық құрылымдар үшін өзекті болып табылады.

Бұдан бөлек алынған деректер нейминг және брендинг салаларындағы мамандар үшін де пайдалы бола алады, атап айтқанда, мақсатты аудиторияның тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамдық іс-шаралардың атауларын әзірлеу барысында қолдануға болады. Сонымен бірге бұл зерттеу нәтижелері тілдік саясатты жоспарлау және реттеумен айналысатын тілдік менеджерлер үшін, әсіресе қазақ тілін қалалық орта тілі ретінде жандандыру және ағылшын тілінің қоғамдық кеңістіктегі рөлін күшейту жағдайында маңызды болып табылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы біріншіден, Қазақстанның лингвистикалық ландшафты алғаш рет социолингвистикалық өзгерістерді талдау құралы ретінде қарастырылады; екіншіден, лингвистикалық ландшафтқа 30 жылдық кезеңдегі (1989-2020 жж.) өзгерістер динамикасы мен қазіргі кезеңдегі тілдік көрінісінің (2021-2024 жж.) бөліктік талдауы арқылы кешенді көзқарас ұсынылады; үшіншіден, мәдениет пен спорт саласындағы іс-шаралардың атау беру практикасына талдау жүргізіліп, бұл атаулардың жаңа тілдік иерархияны дискурсивті тұрғыда қалыптастырудағы рөлі анықталады.

Зерттеу материалы ретінде 1989-2024 жылдар аралығында тіркелген 2843 қалалық іс-шара атауынан (эвентонимнен) тұратын корпус болып табылады. Бұл корпус қазақ және орыстілді баспасөз материалдары, Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі мәдениет басқармаларының ресми есептері, сондай-ақ далалық зерттеу барысында жинақталған визуалды және цифрлық афишалар негізінде құрастырылды. Уақыт аясындағы өзгерістерді сипаттайтын кезеңде (1989-2020 жж.) 2364 эвентоним, ал қазіргі кезеңдегі тілдік көрінісін сипаттайтын кезеңде (2021-2024 жж.) 479 бірлік тіркелді.

Материалдың мұндай құрылымы эвентонимдердің тарихи эволюциясын және қазіргі лингвистикалық ландшафттың жай-күйін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қоғамдық ономастика саласындағы тілдік практикаларды кешенді түрде зерттеу үшін репрезентативті эмпирикалық базаны қамтамасыз етеді.

Материалды жинаудың дереккөздері:

- қазақ тіліндегі «Алматы ақшамы» және орыс тіліндегі «Вечерний Алматы» газеттері. 1989-2020 жылдар аралығында аталған екі басылымның жалпы саны 7500 нөмірі қарастырылды;
- нормативтік құжаттар – қалалық және облыстық әкімдіктердің мәдени және спорттық іс-шаралар бойынша ресми есептері;

- іс-шаралардың афишалары – қала кеңістігіндегі визуалды жарнамалық материалдар;
- интернет-ресурстар – Алматы қаласында өткізілген негізгі іс-шаралар жарияланған онлайн порталдар: www.sxodim.com/almaty, ticketon.kz, afisha.kz, festivali.kz.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

Бірінші, теориялық ізденіс кезеңінде зерттеліп отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерге сыни шолу жасалды; зерттеудің ғылыми-ұғымдық аппараты айқындалды; зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақтыланды; дереккөздер жүйеленді; деректерді жинау және талдау құралдары әзірленді.

Екінші кезеңде материал жинау, түгендеу, жүйелеу және классификациялау жұмыстары жүргізілді. Бұл кезеңде 1989-2020 жылдар аралығындағы «Вечерний Алматы» және «Алматы ақшамы» газеттерінің мұрағат нөмірлері, әр жылдардағы әкімдіктердің мәдени-спорттық іс-шаралар бойынша есептері, сондай-ақ www.sxodim.com/almaty, ticketon.kz, afisha.kz, festivali.kz сынды интернет-ресурстар мен 2021-2024 жылдардағы билбордтар талданды.

Осы зерттеуде 1989-2024 жылдар аралығында Қазақстанда өткізілген мәдени, саяси және спорттық іс-шаралардың атаулары қарастырылды. Эвентонимдерді жинау және талдау екі әдістемелік өлшем бойынша жүзеге асырылды:

1. Уақыттық даму динамикасында – 1989-2020 жылдар аралығындағы іс-шара атауларындағы тілдік тәжірибенің эволюциясын анықтау мақсатында;
2. Қазіргі кезеңдік көрінісі – 2021-2024 жылдардағы өзекті социолингвистикалық жағдайды сипаттау мақсатында.

Үшінші кезеңде эмпириялық материал корпусы жүйеленіп, сапалық және сандық талдау әдістері арқылы деректерді өңдеу мен интерпретациялау жүзеге асырылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Эвентонимдерді атау практикасы әлеуметтік маңызға ие, себебі ол қоғамда болып жатқан әлеуметтік, мәдени және экономикалық өзгерістерді бейнелейді және жаңа тілдік иерархияны дискурсивті тұрғыда құруда маңызды рөл атқарады.

2. Лингвистикалық ландшафт – бұл социолингвистикалық үдерістердің индикаторы болып табылады, сондықтан оны талдау социолингвистикалық өзгерістерді субъективті репрезентацияға емес, нақты материалдық деректерге сүйене отырып сипаттаудың заманауи әдісі ретінде қарастырылады.

3. Қазақстан мегаполисінің лингвистикалық ландшафты әлеуметтік, саяси және экономикалық факторлардың ықпалымен үнемі өзгеріп отырады; қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің функционалдық және символдық рөлін қайта бөлу ұлттық құрылым мен жаһандану сияқты қарама-қайшы әлеуметтік үдерістердің нәтижесі болып табылады. Эвентонимдердегі тіл мен қаріп таңдау преференциялары ұлттық және әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыруда маңызды символикалық функция атқарады.

4. Қоғамдық кеңістіктегі тілдік саясат эвентонимдерді таңдау арқылы репрезентацияланып, когнитивтік, әлеуметтік-мәдени және саяси факторлардың

күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде көрініс табады. Бұл контексте тілдік таңдау тек номинативтік қызметімен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік стратификацияның, идентификацияларды легитимациялаудың және посткеңестік трансформация жағдайындағы символдық тәртіпті көрсетудің құралына айналады. Эвентонимдердегі тілдік таңдау іс-шара түріне, респонденттердің жасына және олардың тіл меңгеру деңгейіне тәуелді.

5. Алматы қалалық кеңістігіндегі эвентонимдерде латын графикасын қолдану – бұл Қазақстандағы тілдік саясаттың маңызды маркері болып табылады. Ол жаңа әліпбиге көшуді білдіреді және мәдени жаңғырту үдерістерін бейнелейді. Латын графикасымен берілген іс-шара атаулары жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

Жұмысты апробациялау. Жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 15 отандық және шетелдік ғылыми жарияланымда көрініс тапты. Олардың ішінде: ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда – 6 мақала; Scopus дерекқорына кіретін импакт-факторлы журналдарда – 2 мақала; отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 6 мақала және 1 тезис.

Жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, 17 диаграммадан, 22 суреттен, 210 атаудан тұратын пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және А, Ә, Б, В, Г қосымшаларынан тұрады.